

ИНКЛЮЗИВТІ ҚОЛДАУ КАБИНЕТІНІҢ ТАНЫСТЫРУ ПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ ӨТТІ

Ағымдағы жылдың 4 желтоқсанында «Ақтөбе облысының білім беру жүйесін дамыту бойынша 2023-2029 жылдарға арналған аймақтық жол картасын» орындау негізінде, Ақтөбе облыстық білім басқармасы «BILIM QAZYNA» ММ-нің жоспарына сәйкес, «М.Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебі» КММ базасында дамуында ерекшеліктері бар балаларға арналған инклюзивті білім беруді қолдау кабинетінің таныстыру презентациясы өтті.

Презентацияға ерекше білімді қажет ететін балалардың ата-аналары, іс-тәжірибе алмасу мақсатында жалпы білім беретін мектептердің логопед, арнайы педагогтері қатысты.

Қолдау кабинетінің мақсаты: ерекше білімді қажет ететін балалардың сапалы білім алуы үшін тең мүмкіндіктер және кедергісіз орта құру.

Шара барысында М.Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектеп директоры Ж.Т.Жанайдаров инклюзивті қолдау кабинетінің жұмыс барысымен таныстырып, Балалардың құқығын қорғау, қорғаншылық, қамқоршылық және арнаулы білім беру бөлім басшысы Р.Т.Нурхожаева сөз алып, сапалы білім алу үшін тең құқықтар мен тең мүмкіндіктерді жүзеге асыруды қамтамасыз ету керектігін атап өтті.

Мектептегі инклюзивті білім беруді қолдау кабинеті төрт аймақтан тұрады. Атап айтсақ, ата-аналарға кеңес беру аймағы, балалардың демалу аймағы, мұғалімдер мен мамандардың ұжымдық жұмыс аймағы, сонымен қатар жеке сабақтар өткізуге арналған аймақ болып бөлінеді.

Қазіргі таңда қолдау кабинетінде ерекше білімді қажет ететін 7 бала қолдау алады. Білім алушыларға қолдау кабинетінің мамандары мектеп бағдарламасын игеруге және сыныптастарымен және мұғалімдермен өзара әрекеттесуге көмектеседі.

Қолдау кабинеті ережеге сай, толық жабдықталған. Атап айтсақ, ерекше білімді қажет ететін балаларға арнайы жасалған жабық парталар, ойын алаңына қажетті жабдықтар, топтық сабақтарға арналған парталармен қамтылған.

Сонымен қатар, қолдау кабинеті ерекше білім беруді қажет ететін балалардың ерекшеліктерін ескере отырып, оқытуда заманауи кіріктірілген компьютері бар **"Artikme Pro"** интерактивті ақылды айнасымен толықтырылды. **«ArtikMe Pro»** ақылды айнасы балалардың сөйлеу қабілетін дамыту, сөйлеу бұзылыстарын түзету және алдын-алу мәселелерін шешуге арналған. Интерактивті кешен жиынтығы 7500 сурет, 72 дыбыс, механика және анимация, сонымен бірге 217 сөйлеуді дамытуға арналған, дыбысты айту жаттығуларымен қамтылған.

Қолдау мамандары артикуляциялық аппаратының жағдайын бақылау үшін айна ретінде және түзету-білім беру жұмысының негізгі бағыттары

бойынша жұмыс жасау үшін көрнекі дидактикалық материал ретінде пайдаланады.

Шара барысында қолдау қызметінің маманы, арнайы педагог Г.А.Айжігітова «Менің қолымнан бәрі де келеді!» тақырыбында жалпы білім беретін мектеп логопед, арнайы педагогтеріне іс-тәжірибесімен бөлісу мақсатында шебер класс өткізді.

Шара соңында қатысушылар белсенділік танытып, шебер класс отырысынан ерекше білімді қажет ететін балаларды оқытуда пайдаланатын жаңаша әдіс-тәсілдерді меңгерді. Сонымен қатар, ата-аналарға бірқатар пайдалы кеңестер мен қосымша ресурстар ұсынылды.